

**Шымкент қаласы
Білім бөліміне қарасты
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы МКҚК**



**Тақырыбы:
«Кітап - біздің досымыз»**

Тәрбиеші: Усипбекова А.

Шымкент қаласы 2023ж



Такырыбы: Кітап – біздің досымыз.

Максаты: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту, қолжетімді өркем шығармаларға баулу, сөздік корларын байыту, мәдениетті карым-жадынасты игерту.

(Тәрбиеші балалармен бірге кітап бұрышында отырады)

Тәрбиеші: Кітап та алма агашы,

Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы,

Кітабының әр бетін, -деп ақын, жазушы Мұзафар атамыз жырлагандай, әдеби кітаптар мен оқулықтар сендерге білім көзі, рухани қазына.

Оқығанымыз, тоқығанымыз көп болса, женбейтін жау, алынбайтын қамал жок. (Осы кезде гарыштың музыкасы ойналады.)

Марс планетасынан қонаққа бөгде галамшарлық келеді.

Бөгде ғаламшарлық: -Сәлем балалар! Мен аспаннан сендердің

жиналғандарынды көріп келіп түрмyn. Сендер не істеп отырсындар?

(Балалар бөгде ғаламшарлықпен сәлемдеседі)

Тәрбиеші: Кел, төрлет, отыр. Біз бүгін кітап әлеміне саяхат жасап

отырмыз. Кітап туралы менің балаларым тақпактар мен мақалдар біледі. Қазір өзін соған куә боласын.

Бөгде ғаламшарлық: Сендердің кітапқа деген құмарлықтарынды білгім келеді, сендер шынында да кітапты құрметтейсіндер ме? Кітап оқуды ұнатасындар ма?

Тәрбиеші: Балалар, біз бөгде ғаламшарлыққа кітаппен дос екенімізді дәлелдеп берейік.

-Балалар, кітап тұрағы қалай аталады? (**Кітапхана**)

-Кітаптармен жұмыс істейтін маман қалай аталады? (**Кітапханашы**)

-Кітапханаға үнемі барып, кітап оқитын адамды қалай атайды? (**Оқырман**)
(Балалар жауап береді)

Тәрбиеші: -Балалар, кітап- адам өмірінде манызды роль атқарады. Оны оқимыз, одан тәлім-тәрбие мен үлгі-өнеге алады екенбіз. Ал, олай болса, кім тақпак біледі екен? Қане, Даяна айтасың ба?

Даяна: Оқулықты баршага,

Талай ғалым қолға алып.

Жылдар бойы қаншама,

Жазады үзак толғанып.

Алиниұр: Кітабың сенің құралын,

Жағар білім шырағын.

Баса алмайсың ешқашан,

Онсыз алға бір адым.

Бағым: Саған білім жемісін,

Оқулығын береді.

Талай адам сол үшін,

Маңдай терін төгеді.

(Кітап бұрышына ата-ана кіреді)

-Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен Алуаның анасы едім, мен біраздан бері осы балабақшадағы кітап бұрышынан ертегі кітаптарды алғып, немерелеріме оқып беруді әдетке айландырым, мен сол кітабымды ауыстыруға келдім.

Тәрбиеші:-Келіңіз, төрлетіңіз.(Балалар да сәлемдеседі, ата-ана жайғасып отырады)

Алуаның анасы:-Сендердің кітап бұрыштарына коңак келген ба? Балалар, сендер кітап туралы көп нәрсе біletін сияқтысындар гой. Мен сендермен бір ойын ойнасам бола ма?

Ойын: «Жалғасын тап!»

Шарты: Бұл жерде балалар мақалдың жалғасын табу керек.

Айсұлтан: Білім..-(алтын қазына.)

Жәнібек: Кітап.. -(білім бұлагы.)

Бағым: Білім..-(таусылмайтын байлық.)

Алинұр: Өнерліге..-(нұр жауар.)

Даяна: Өнер ағып жатқан бұлақ, (білім жанып жатқан шырак.)

Тәрбиеші: -Жаайсындар, балалар. Кітап - дүниежүзі көлемінде аталып өтетін маңызы өте жоғары рухани байлық болып табылады. 2 сәуір - Халыкаралық балалар кітабы күні және 23-сәуір Дүниежүзілік кітап күні болып табылады.

Алуаның анасы:-Балалар, сендер оздерің сондай ақылды екенсіңдер, кітаппен әрқашан да дос боласындар деп сенемін. Мақалдың жалғасын да дұрыс таптындар. Ал, олай болса, мен кітабымды ауыстырып кайтайын. Сау болындар!

Балалар:-Сау болыңыз, апай!

Тәрбиеші:-Жарайсындар балалар, сендер бөгде ғаламшарлыққа кітапты сүйетіндерінді дәлелдеп бердіңдер деп ойлаймын.

Бөгде ғаламшарлық: -Балалар, сендер шынымен де кітаппен дос екенсіңдер. Кітап оқысандар білімдерің толады. Балақайлар, мен сендерге сәттілік тілеймін! Ендеше мен де өз еліме кетуім керек. Сау болындар!

Тәрбиеші: -Әрбір адамның ең жақсы досы, өмірлік досы кітап болуы тиіс!

